

Масс-медиа саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2024 жылғы 17 қазандағы № 488-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 22 қазанда № 35283 болып тіркелді.

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Отандық теле-, радиоарнаны есепке қою, қайта есепке қою, куәлігін беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік теле-, радиоарнаны есепке қою, қайта есепке қою, куәлігін беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Мерзімді баспасөз басылымдарын, интернет-басылымдарды есепке қою немесе қайта есепке алу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 15.10.2025 № 563-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
- 3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрінің міндетін атқарушы

К. Искаков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрінің міндетін атқарушы
2024 жылғы 17 қазандағы
№ 488-НҚ бұйрыққа
1-қосымша

"Отандық теле-, радиоарнаны есепке қою, қайта есепке қою, куәлігін беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Отандық теле-, радиоарнаны есепке қою, қайта есепке қою, куәлігін беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Отандық теле-, радиоарнаны есепке қою, қайта есепке қою, куәлігін беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Отандық теле-, радиоарнаны есепке қою, қайта есепке қою, куәлігін беру" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақ жаңа редакцияда көзделген - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Көрсетілетін қызметті алушы – орталық мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың,

кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы).

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-тармақ жаңа редакцияда көзделген - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. "Электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесін қамтитын ақпараттық жүйе (бұдан әрі – Портал).

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-тармақ жаңа редакцияда көзделген - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Қағидаларға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілген кезде көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына, Бірыңғай байланыс орталығына және көрсетілетін қызметті берушіге бекітілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

2-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6-тармақтың бірінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны Портал арқылы осы Қағидаларға 1 немесе 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алты ай ішінде трансляцияланатын және ретрансляцияланатын теле -, радиобағдарламаларды жазу және сақтау туралы өтінішті, теле -, радиоарна меншік иесінің жеке кіреберісі бар үй-жайлар мен алаңдарға немесе осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес оларды жалға алуға мүлкітік құқықтарының болуы туралы мәліметтер нысанын жібереді.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және жауапты құрылымдық бөлімшеге орындауға береді. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері құжаттар тіркелген кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші Порталдан алады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған кезде жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкері 2 (екі) жұмыс күні ішінде уәкілетті орган басшысының немесе оның орынбасарларының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қараудан уәжді бас тартуды дайындайды және өтініш берушіге Порталдағы жеке кабинетіне жібереді.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 15.10.2025 № 563-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.10.2025 № 562-НҚ (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

8. Көрсетілетін қызметті алушы есепке қою туралы куәлікті алу үшін құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің қызметкері 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде өтініштің мазмұны тұрғысынан құжаттарды қарайды, есепке қойылған отандық теле-, радиоарналардың тізілімінде атаудың бірдей болу-болмауына тексереді, қорытындылары бойынша есепке қою туралы куәлікті қалыптастырады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 15.10.2025 № 562-НҚ (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдау өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын көрсетілетін қызметті алушыға тыңдау туралы хабарлайды. Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабының 1-тармағына сәйкес тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші отандық теле-, радиоарнаны есепке қою, қайта есепке қою, беру туралы куәлікті береді не мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді түрде бас тартады.

10. Теле-, радиоарнаның меншік иесі ауысқан не ұйымдық-құқықтық нысаны, атауы, сондай-ақ атауы өзгерген жағдайларда теле -, радиоарна қайта есепке қоюға жатады.

11. Көрсетілетін қызметті алушы куәлікті қайта есепке қоюға өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің қызметкері 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде өтініштің мазмұнына құжаттарды қарайды, есепке қойылған отандық теле-, радиоарналардың тізілімінде бірдей атаудың болуын тексереді, сондай-ақ меншік иесі өзгерген жағдайда меншіктің ауысуын/меншік құқығының берілгенін растайтын берілген құжаттардың деректерін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген кезде көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешім шығарады.

Көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім қоса беріле отырып, оған қол қойылғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде хабарлама жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешімге қарсылығын беруге немесе білдіруге құқылы.

Қарсылықты қарау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыдан келіп түскен жағдайда көрсетілетін қызметті беруші қайта есепке қою туралы куәлікті немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тартуды береді.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 15.10.2025 № 563-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Көрсетілетін қызметті беруші Тізбенің 9-тармағында белгіленген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

3-тарау. Орталық мемлекеттік органдардың, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

13. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымды қарауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымды адам, телерадио хабарларын тарату саласындағы жоғары тұрған уәкілетті орган, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Отандық теле-, радиоарнаны
есепке қою, қайта есепке қою,
куәлігін беру" мемлекеттік
қызмет көрсету қағидаларына

1-қосымша

Нысан

(отандық теле-,
радиоарнаны есепке қою
туралы куәлікті беретін
органның толық атауы)

Өтініш

Сізден отандық теле-, радиоарна _____

(теле-, радиоарнаның атауы)

есепке қоюды сұраймын.

Теле-, радиоарнаның меншік иесінің атауы _____

(меншік иесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/атауы және
ұйымдық-құқықтық нысаны)

Теле-, радиоарнаның меншік иесінің мекенжайы _____

(тұрғылықты жері/орналасқан жері, байланыс деректері)

БСН/ЖСН _____

Теле-, радиоарнаның тақырыптық бағыты: _____

Меншікті хабар таратудың орташа тәуліктік көлемі: _____

Ретрансляцияланатын хабар таратудың орташа тәуліктік көлемі: _____

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (қолы) атауы)

Ақпарат жүйелерінде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

3-қосымша (трансляцияланатын және ретрансляцияланатын теле-, радиобағдарламаларды жазып алу және алты ай бойы сақтау туралы)

Мөр орны (бар болған кезде) 20 ____ жылғы " ____ " _____

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Отандық теле-, радиоарнаны есепке қою қайта есепке қою, куәлігін беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
2-қосымша
Нысаны
(отандық теле-, радиоарнаны есепке қою туралы куәлікті беретін органның толық атауы)

Өтініш

Сізден _____ себебі бойынша

(себебін көрсету)

отандық теле-, радиоарна _____

(теле-, радиоарнаның атауы)

қайта есепке қоюды жүзеге асыруды сұраймын.

Теле-, радиоарнаның меншік иесінің атауы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(меншік иесінің бар болған жағдайда)/атауы және ұйымдық-құқықтық нысаны)

Теле-, радиоарнаның меншік иесінің мекенжайы

(тұрғылықты жері/орналасқан жері, байланыс деректері)

БСН/ЖСН _____

— Теле-, радиоарнаның тақырыптық бағыты: _____

— Меншікті хабар таратудың орташа тәуліктік көлемі: _____

— Ретрансляцияланатын хабар таратуының орташа тәуліктік көлемі: _____

— Меншік иесінің ауысуын/меншік құқықтарды беруді растайтын құжаттардың деректері:

(меншік құқығы өтетін адамның құжатының деректері, құжатының нөмірі мен күні, ЖСН/БСН және тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) атауы және ұйымдық-құқықтық нысаны (меншік иесі ауысқан жағдайда толтырылады))

Р/с № құжаттың деректері

1. _____

2. _____

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді

пайдалануға келісемін

_____ 20 __ жылғы " ____ " _____

(қолы)

_____ (өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (қолы) атауы)

Мөр орны 20 __ жылғы " ____ " _____ (бар болған жағдайда)

"Отандық теле-, радиоарнаны
есепке қою қайта есепке
қою, куәлігін беру"
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына
3-қосымша
Нысаны
(отандық теле-, радиоарнаны
есепке қою туралы куәлікті
беретін органның толық
атауы)

Трансляцияланатын және ретрансляцияланатын теле-, радиобағдарламаларды жазып алу және алты ай бойы сақтау туралы

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Теле-, радиоарнаның меншік иесінің атауы

(меншік иесінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) атауы және ұйымдық-құқықтық нысаны) "Масс-медиа туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабының 2-тармағына сәйкес теле-, радиоарналар өздерінің эфирге шығарылған теле-, радиобағдарламаларының жазбаларын алты ай бойы сақтауға, сондай-ақ оларды өзінің эфирлік жұмысының тіркеу журналында тіркеп қоюға және оны осы журналда соңғы жазба жасалған кезден бастап кемінде бір жыл сақтауға міндетті) (меншік иесінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) атауы және ұйымдық-құқықтық нысаны) қолы.

Қол қойылды және __:__ сағатта жіберілді " __ " _____ 20__ жыл

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Отандық теле-, радиоарнаны есепке қою, қайта есепке қою, куәлігін беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 15.10.2025 № 562-НҚ (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Отандық теле-, радиоарнаны есепке қою, қайта есепке қою, куәлігінің беру" (мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы) мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	Өтініштерді қабылдау және нәтижелерді беру Портал арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Қызмет көрсету мерзімі – 10 (он) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
		Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – отандық теле-, радиоарнаны есепке қою, қайта есепке қою туралы куәлік (бұдан әрі – куәлік), куәліктің осы Қағидаларда көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы

5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	уәжді жауап. Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанында "жеке кабинетіне" жіберіледі.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі .
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). 2) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбіден бастап жұмаға дейін. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайлары Министрліктің www. sam. gov. kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.
		1) отандық теле-, радиоарнаны есепке қою үшін көрсетілетін қызметті алушы: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті (сұрау салуды), теле -, радиоарна меншік

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

иесінің жеке кіреберісі бар үй-жайлар мен алаңдарға немесе оларды жалға алуға мүлктік құқықтарының болуы туралы мәліметтер нысанын осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес ұсынады;

2) отандық теле-, радиоарнаны қайта қою үшін көрсетілетін қызметті алушы порталға: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті (сұрау салуды) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес теле-, радиоарнаның меншік иесінің кірер есігі бөлек үй-жайлар мен алаңдарға немесе оларды жалға алуға мүлктік құқықтарының болуы туралы мәліметтер нысанын ұсынады;

3) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша трансляцияланатын және ретрансляцияланатын теле-, радиобағдарламаларды жазып алу және алты ай бойы сақтау туралы; Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші порталдан алады.

1) көрсетілетін қызметті берушінің бұрын сол атаумен және сол аумақта таралатын не оның атауы бұрын құрылған теле-, радиоарнаның атауымен айырғысыз дәрежеде ұқсас теле-, радиоарнаны есепке қойғаны туралы куәлікті беруі;

2) теле -, радиоарнаны есепке қою немесе қайта есепке қою туралы өтініштің мазмұны "Масс-медиа туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 6-тармағының талаптарына сәйкес келмейді;

3) меншік иесінің ауысуына орай теле -, радиоарнаны қайта есепке қою туралы өтініште теле-, радиоарнаға меншік құқықтарын басқа адамға беру туралы

9	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	шарттың нөмірі мен күнінің көрсетілмеуі; 4) шығарылуын бұрын сот тоқтатқан, атауы (атауының бір бөлігі) бірдей және тақырыптық бағыты дәл сондай теле-, радиоарнаны есепке қоюдың мәлімделуі немесе атауы мен тақырыптық бағытын қайталайтын теле-, радиоарнаның мәлімделуі, сондай-ақ шығарылуы сот шешімімен тоқтатылған теле-, радиоарналардың меншік иесі немесе бас редакторы (редакторы) соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап 3 (үш) жыл ішінде өтініш берген жағдайда; 5) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) онда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық емес екендігі анықталса; 6) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы. 7) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге көрсетілетін қызметті алушының келісімінің болмауы.
10		Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады.

	Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.mam.gov.kz интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде көрсетілген, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.
--	--	---

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Отандық теле-, радиоарнаны есепке қою, қайта есепке қою, куәлігін беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
5-қосымша

Теле-, радиоарнаның меншік иесінің кірер есігі бөлек үй-жайлар мен алаңдарға немесе оларды жалға алуға мүлкітік құқықтарының болуы туралы мәліметтер нысаны: (үй-жайлардың орналасқан жері және олардың сипаттамасы көрсетіледі) (алаң шаршы метрде, кадастрлық нөмірі, мүлкітік құқықтың түрі, жалға алу шарттының деректері)

Р/с №	Үй-жайдың типі	Мекенжайы	Сипаттамасы
1	Телерадио хабарларын таратудың жұмыс істеуіне қажетті техникалық құралдарды орналастыру және пайдалану үшін (студиялық, аппараттық, косалқы)		
2	Шығармашылық (редакциялық) персоналды орналастыру үшін		
3	Теле-, радиоарнаның меншік иесіне тиесілі әкімшілік-басқару персоналы үшін		

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) меншік иесінің атауы және ұйымдық-құқықтық нысаны) трансляцияланатын және рестрансляцияланатын теле-, радиобағдарламаларды таспаға басуға және алты ай бойы сақтауға міндеттенеді.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпия мәліметтерді пайдалануға келісемін

_____ 20__ жылғы "___" _____
(қолы)

_____ (өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты/атауы)
Мөр орны 20__ жылғы "___" _____
(мөр болған жағдайда)

_____ (қолы)

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрінің міндетін атқарушы
2024 жылғы 17 қазандағы
№ 488-НҚ бұйрыққа
2-қосымша

"Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік теле-, радиоарнаны есепке қою, қайта есепке қою, куәлігін беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік теле-, радиоарнаны есепке қою, қайта есепке қою, куәлігін беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік теле-, радиоарнаны есепке қою, қайта есепке қою, куәлігін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік теле-, радиоарнаны есепке қою, қайта есепке қою, куәлігін беру" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақ жаңа редакцияда көзделген - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Көрсетілетін қызметті алушы – орталық мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті

атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы).

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-тармақ жаңа редакцияда көзделген - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. "Электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесін қамтитын ақпараттық жүйе (бұдан әрі – Портал).

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-тармақ жаңа редакцияда көзделген - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Қағидаларға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілген кезде көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына, Бірыңғай байланыс орталығына және көрсетілетін қызметті берушіге бекітілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

2-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6-тармақтың бірінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге Портал арқылы 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті, сондай-ақ осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген құжаттарды жібереді.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және жауапты құрылымдық бөлімшеге орындауға береді. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері құжаттар тіркелген кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші Порталдан алады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған кезде жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкері 2 (екі) жұмыс күннің ішінде уәкілетті орган басшысының немесе оның орынбасарларының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қараудан уәжді бас тартуды дайындайды және өтініш берушіге Порталдағы жеке кабинетіне жібереді.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 15.10.2025 № 563-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.10.2025 № 562-НҚ (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

8. Көрсетілетін қызметті алушы есепке қою туралы куәлікті алу үшін құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің қызметкері күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде өтініштің мазмұны тұрғысынан құжаттарды қарайды, шетелдік теле-, радиоарналардың өнімдеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестік мәніне сараптама жүргізеді, қорытындылары бойынша есепке қою туралы куәлікті қалыптастырады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 15.10.2025 № 562-НҚ (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдау өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын көрсетілетін қызметті алушыға тыңдау туралы хабарлайды. Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабының 1-тармағына сәйкес тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік теле-, радиоарнаны есепке қою, қайта есепке қою туралы куәлік береді не мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді түрде бас тартады.

10. Шетелдік теле-, радиоарнаны қайта есепке қою меншік иесі ауысқан не заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны, теле-, радиоарнаның аты, негізгі тақырыптық

бағыты өзгерген, Қазақстан Республикасының аумағында заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу рәсімінен өткен жаңа заңды тұлға немесе филиал (өкілдік) құрылған жағдайларда жүзеге асырылады.

11. Көрсетілетін қызметті алушы куәлікті қайта есепке қоюға өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің қызметкері күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде өтініштің және өтінішке қоса берілген құжаттардың мазмұнына құжаттарды қарайды.

Көрсетілетін қызметті алушы жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген кезде көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешім шығарады.

Көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім қоса беріле отырып, оған қол қойылғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде хабарлама жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешімге қарсылығын беруге немесе білдіруге құқылы.

Қарсылықты қарау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыдан келіп түскен жағдайда көрсетілетін қызметті беруші қайта есепке қою туралы куәлікті немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тартуды береді.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 15.10.2025 № 563-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Көрсетілетін қызметті беруші Тізбенің 9-тармағында белгіленген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

3-тарау. Орталық мемлекеттік органдардың, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

13. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымды қарауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымды адам, телерадио хабарларын тарату саласындағы жоғары тұрған уәкілетті орган, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін

қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілетін қызметті беруші, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының
аумағында таратылатын
шетелдік теле-, радиоарнаны
есепке қою, қайта есепке қою,
куәлігін беру" мемлекеттік
қызмет көрсету қағидаларына
1-қосымша

Нысан
(шетелдік теле-, радиоарнаны
есепке қою туралы куәлікті
беретін органның толық атауы)

(шетелдік теле-, радиоарнаны
есепке қою туралы куәлікті
беретін орган басшысының
Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Өтініш

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 15.10.2025 № 563-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сізден шетелдік теле-, радиоарнаны есепке қоюды (қайта есепке қоюды жүзеге асыруды) сұраймын.

(қайта есепке қоюды жүзеге асырған жағдайда, себебі көрсетіледі)

Теле-, радиоарнаның меншік иесінің атауы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), тұрғылықты жері/орналасқан жері, ұйымдық-құқықтық нысаны, телефоны, электрондық мекенжайы)

Теле-, радиобағдарламалардың тілі (тілдері) _____

Теле-, радиоарнаның хабар тарату торы _____

(кейінгі айға)

Теле-, радиоарнаның негізгі тақырыптық бағыты _____

Теле-, радиоарнаның бас редакторы/редакторы _____

(тегі, аты, әкесінің аты(бар болған жағдайда))

Теле-, радиоккомпанияның заңды мекенжайы _____

(индексі, қала, аудан, көше, үй, телефоны, электрондық мекенжайы)

"Масс-медиа туралы" Қазақстан Республикасының Заңын сақтау туралы

Өтінішке қоса беріледі:

1. _____

2. _____

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) атауы)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын дербес деректерді жинауға, өңдеуге мәліметтерді пайдалануға келісемін.

(қолы)

Мөрдiң орны " __ " _____ 20 __ жыл (бар болған жағдайда)

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік теле-, радиоарнаны есепке қою, қайта есепке қою, куәлігін беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына

2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 15.10.2025 № 562-НҚ (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының аумағында таралатын шетелдік теле-, радиоарнаны есепке қою, қайта есепке қою, куәлігінің беру" (мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы) мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	Өтініштерді қабылдау және нәтижелерді беру Портал арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Қызмет көрсету мерзімі – 15 (он бес) күнтізбелік күн.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – Қазақстан Республикасының аумағында таралатын шетелдік теле-, радиоарнаны есепке қою, қайта есепке қою туралы куәлік (бұдан әрі – куәлік) куәліктің осы Қағидаларда көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту уәжді жауап көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында "жеке кабинетіне" жолданады.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі .
		1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 17:30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі. портал –

7	Мемлекеттік қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайлары Министрліктің www.pam.gov.kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған
8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	1) көрсетілетін қызметті алушының –ЭЦҚ-мен қол қойылған теле-, радиоарнаның хабар тарату торын (келесі айға) қоса бере отырып, электрондық құжат нысанындағы сұрау салу; жеке тұлғалар үшін – теле-, радиоарнаның меншік иесі – шетелдік жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі; кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі; заңды тұлғалар үшін – сауда тізілімінен заңдастырылған үзінді көшірменің электрондық көшірмесі немесе құрылтайшы – шетелдік заңды тұлғаның шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын, заңдастырылған басқа құжат; 2) Қайта есепке алу үшін: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу; жеке тұлғалар үшін – теле-, радиоарнаның меншік иесі - шетелдік жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі; жеке тұлғалар үшін – теле-, радиоарнаның меншік иесі - шетелдік жеке тұлғаның жеке

		басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі; кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі; заңды тұлғалар үшін – сауда тізілімінен заңдастырылған үзінді көшірменің электрондық көшірмесі немесе құрылтайшы – шетелдік заңды тұлғаның шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын, заңдастырылған басқа құжат. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші Порталдан алады.
	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген	1) өтініш уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келмейді; 2) шетелдік теле-, радиоарнаның материалдары Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, экстремизмді немесе терроризмді, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық басымдықты насихаттауды немесе үгіттеуді, ұлтаралық және конфессияаралық араздықты қоздыруға бағытталған ақпаратты, сондай-ақ порнографиялық және арнайы сексуалдық-эротикалық сипаттағы кино- және бейнеөнімдерді, сондай-ақ суицидті насихаттайтын ақпаратты қамтитын болса; 3) дінтану сараптамасының нәтижелері бойынша теріс қорытындының болуы; 4) шетелдік теле-, радиоарнаның өніміне қатысты оны Қазақстан

9	мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	Республикасының аумағында таратуға тыйым салу туралы сот шешімінің болуы; 5) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) немесе филиалды (өкілдікті) Порталда есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер жоқ болуы; 6) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігінің анықталуы; 7) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы. 8) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге көрсетілетін қызметті алушының келісімінің болмауы.
10	Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.tam.gov.kz интернет -ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде көрсетілген, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрінің міндетін

"Мерзімді баспасөз басылымдарын, интернет-басылымдарды есепке қою немесе қайта есепке алу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 15.10.2025 № 563-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Мерзімді баспасөз басылымдарын, интернет-басылымдарды есепке қою немесе қайта есепке алу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Мерзімді баспасөз басылымдарын, интернет-басылымдарды есепке қою немесе қайта есепке алу" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Мерзімді баспасөз басылымдарын, интернет-басылымдарды есепке қою немесе қайта есепке алу" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақ жаңа редакцияда көзделген - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Көрсетілетін қызметті алушы – орталық мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы).

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-тармақ жаңа редакцияда көзделген - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. "Электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда

көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесін қамтитын ақпараттық жүйе (бұдан әрі – Портал).

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-тармақ жаңа редакцияда көзделген - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына, Бірыңғай байланыс орталығына бекітілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

2-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6-тармақтың бірінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге Портал арқылы 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өтінішті, сондай-ақ осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген құжаттарды жібереді.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және жауапты құрылымдық бөлімшеге орындауға береді. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері құжаттар тіркелген кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші Порталдан алады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған кезде жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкері 2 (екі) жұмыс күні ішінде уәкілетті орган басшысының немесе

оның орынбасарларының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қараудан уәжді бас тартуды дайындайды және өтініш берушіге Порталдағы жеке кабинетіне жібереді.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 15.10.2025 № 562-НҚ (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Көрсетілетін қызметті алушы есепке қою туралы куәлікті алу үшін құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің қызметкері 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде өтініштің мазмұны тұрғысынан құжаттарды қарайды, есепке қойылған мерзімді баспасөз басылымдарының, интернет-басылымдарды тізілімінде атаудың бірдей болу-болмауын тексереді, қорытындысы бойынша есепке қою туралы куәлікті қалыптастырады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 15.10.2025 № 562-НҚ (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдау өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын көрсетілетін қызметті алушыға тыңдау туралы хабарлайды. Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабының 1-тармағына сәйкес тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші мерзімді баспасөз басылымдарын, интернет-басылымдарды есепке қою немесе қайта есепке қою туралы куәлік береді не мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді түрде бас тартады.

10. Мерзімді баспасөз басылымының, интернет-басылымдардың меншік иесі ауысқан не оның атауы, сондай-ақ басылымның не материалдар мен хабарлардың атауы, тілі, таралу аумағы, негізгі тақырыптық бағыты және шығару мерзімділігі өзгерген жағдайларда қайта есепке қойылуға тиіс.

11. Көрсетілетін қызметті алушы куәлікті қайта есепке қоюға өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің қызметкері 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде өтініштің мазмұнына құжаттарды қарайды, есепке қойылған мерзімді басылымдардың, интернет-басылымдардың тізілімінде бірдей атаудың болуын тексереді, сондай-ақ меншік иесі өзгерген жағдайда, меншік иесінің ауысуын/меншік құқығының берілуін растайтын құжаттардың деректерін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген кезде көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешім шығарады.

Көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім қоса беріле отырып, оған қол қойылғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде хабарлама жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешімге қарсылығын беруге немесе білдіруге құқылы.

Қарсылықты қарау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыдан келіп түскен жағдайда көрсетілетін қызметті беруші қайта есепке қою туралы куәлікті немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тартуды береді.

12. Көрсетілетін қызметті беруші Тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

3-тарау. Орталық мемлекеттік органдардың, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

13. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымды қарауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымды адам, масс-медиа саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын жоғары тұрған уәкілетті орган, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге болады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мерзімді баспасөз
басылымдарын, интернет-
басылымдарды есепке қою
немесе қайта есепке алу"
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына
1-қосымша

(мерзімді баспасөз
басылымдарын, интернет-
басылымдарды есепке қою
немесе қайта есепке алу туралы
куәлікті беретін органның толық
атауы)

(Мерзімді баспасөз
басылымдарын, интернет-
басылымдарды есепке қою
немесе қайта есепке алу туралы
куәлікті беретін орган
басшысының тегі, аты және
әкесінің аты (бар болған
жағдайда)

Өтініш

Сізден _____

(мерзімді баспасөз басылымының, интернет-басылымдардың атауы, түрі) мерзімді баспасөз басылымын, интернет-басылымды есепке қоюды сұраймын.

Меншік иесі _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

атауы және ұйымдық- құқықтық нысаны)

Шетелдік қатысу (шетелдік қатысу пайызын көрсету) _____

БСН/ЖСН _____ Меншік иесінің мекенжайы _____

(тұрғылықты жері/орналасқан жері, байланыс деректері)

Мерзімді баспасөз басылымының, интернет-басылымның атауы

Мерзімді баспасөз басылымының, интернет-басылымдардың материалдары мен

хабарларының тілі (тілдері)

Болжамды шығару мерзімділігі _____

Негізгі тақырыптық бағыты _____

Таралалу аумағы _____

Редакцияның мекенжайы _____

Бас редактордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және азаматтығы

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын дербес деректерді жинауға, өңдеуге мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Мөр орны (бар болған жағдайда) _____ (қолы) 20_ жылғы "___" _____

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мерзімді баспасөз
басылымдарын, интернет-
басылымдарды есепке қою
немесе қайта есепке алу"
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына
2-қосымша

(мерзімді баспасөз
басылымдарын, интернет -
басылымдарды есепке қою
немесе қайта есепке алу туралы
куәлікті беретін органның толық
атауы)

(Мерзімді баспасөз
басылымдарын, интернет-
басылымдарды есепке қою
немесе қайта есепке алу туралы
куәлікті беретін орган
басшысының тегі, аты және
әкесінің аты (бар болған
жағдайда))

Өтініш

Сізден _____ өзгеруіне байланысты

(мерзімді баспасөз басылымының, интернет-басылымдардың атауы, түрі)

_____ мерзімді баспасөз
басылымын, интернет-басылымын қайта есепке алуды жүргізуді сұраймын.

Меншік иесі _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) атауы және ұйымдық-құқықтық нысаны)

Шетелдік қатысу (шетелдік қатысу пайызын көрсету) _____

БСН/ЖСН _____

Меншік иесінің мекенжайы _____

Мерзімді баспасөз басылымының, интернет-басылымның атауы _____

Мерзімді баспасөз басылымының, интернет-басылымдар материалдары мен хабарламаларының тілі _____ Болжамды шығару мерзімділігі _____

Негізгі тақырыптық бағыты _____ Таралу аумағы _____

Редакцияның мекенжайы _____

Бас редактордың тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) және азаматтығы _____

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын дербес деректерді жинауға, өңдеуге мәліметтерді пайдалануға келісемін. Мөр орны (бар болған жағдайда) _____ (қолы) 20_ жылғы "___" _____

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 02.06.2026 № 263-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мерзімді баспасөз басылымдарын, интернет-басылымдарды есепке қою немесе қайта есепке алу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 15.10.2025 № 562-НҚ (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мерзімді баспасөз басылымдарын, интернет-басылымдарды есепке қою немесе қайта есепке алу" (мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы) мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрілігінің Ақпарат комитеті
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	Өтініштерді қабылдау және нәтижелерді беру Портал арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Қызмет көрсету мерзімі – 10 (он) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)

5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – мерзімді баспасөз басылымдарын, интернет-басылымдарды есепке қою немесе қайта есепке алу туралы куәлік (бұдан әрі – куәлік) не осы Қағидаларда көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап. Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында "жеке кабинетіне" жолданады.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі .
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). 2) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және " Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбіден бастап жұмаға дейін. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайлары Министрліктің

		www. mam. gov. kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.
8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	1) мерзімді баспасөз басылымдарын, интернет-басылымдарды есепке қою үшін көрсетілетін қызметті алушы: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуды (осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес) ұсынады; 2) мерзімді баспасөз басылымын, интернет-басылымдарды қайта есепке алу үшін (меншік иесінің ауысуына не ұйымдық-құқықтық нысанының, мерзімді баспасөз басылымының, интернет-басылымдар атауының, негізгі тақырыптық бағыттылығы мен шығару мерзімділігінің, сондай-ақ тарату аумағының өзгеруіне байланысты) көрсетілетін қызметті алушы: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуды (осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 2-қосымшаға сәйкес); Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші Порталдан алады.
		1) көрсетілетін қызметті берушінің бұрын сол атаумен және сол аумақта таралатын не оның атауы бұрын құрылған мерзімді баспасөз басылымының, интернет-басылымдардың атауымен айырғысыз дәрежеде ұқсас мерзімді баспасөз басылымына, интернет-

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

басылымдарды есепке қойғаны туралы куәлікті беруі;

2) мерзімді баспасөз басылымын, интернет-басылымды есепке қою немесе қайта есепке алу туралы өтініштің мазмұны "Масс-медиа туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес келмейді;

3) меншік иесінің ауысуына орай мерзімді баспасөз басылымын, интернет-басылымдарды қайта есепке алу туралы өтініште мерзімді баспасөз басылымына, интернет-басылымдарды меншік құқықтарын басқа адамға беруді растайтын шарттың нөмірі мен күнінің көрсетілмеуі;

4) шығарылуын бұрын сот тоқтатқан атауы (атауының бір бөлігі) бірдей және тақырыптық бағыты дәл сондай мерзімді баспасөз басылымын, интернет-басылымдарды есепке қоюдың мәлімделуі немесе атауы мен тақырыптық бағытын қайталайтын мерзімді баспасөз басылымының, интернет-басылымдардың мәлімделуі, сондай-ақ шығарылуы сот шешімімен тоқтатылған мерзімді баспасөз басылымының, интернет-басылымдардың меншік иесі немесе бас редакторы (редакторы) соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жыл ішінде өтініш берген жағдайда;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы.

6) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес

деректерге қол жеткізуге көрсетілетін қызметті алушының келісімінің болмауы.

7) Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәлеметтердің) дұрыс еместігін анықтағанда.

8) егер сот әрекетке қабілетсіз деп таныған Қазақстан Республикасының азаматы бас редактор болып табылса; "Масс-медиа туралы" Заңының 18 бабы.

9) егер тағайындау кезінде заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталғандығы бар Қазақстан Республикасының азаматы бас редактор болып табылса;

10) егер шетелдік не азаматтығы жоқ адам бас редактор болып табылса;

11) егер сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жыл ішінде, өздерінің кінәсінен бұқаралық ақпарат құралының шығарылуы және таратылуы сот шешімімен тоқтатылған бұқаралық ақпарат құралының бас редакторы (редакторлары) болған Қазақстан Республикасының азаматы бас редактор болып табылса;

12) Қазақстан Республикасындағы бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі – заңды тұлға немесе осы саладағы қызметті жүзеге асырушы заңды тұлға акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің, пайларының) 20 пайызынан астамын шетелдіктердің және шетелдік заңды тұлғалардың, азаматтығы жоқ адамдардың тікелей және (немесе) жанама иеленуіне, пайдалануына, оларға билік етуіне және (немесе) оларды басқаруына тыйым салынады;

13) егер бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі болып табылатын заңды тұлғаның құрамында шетелдік қатысу

		акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің, пайларының) 20 пайыздан астамы болса.
10	Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.mam.gov.kz интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде көрсетілген, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.